- Malın ayıplı olduğunun anlaşılması durumunda tüketici, 6502 sayılı Tüketicinin Korunması Hakkında Kanunun 11 inci maddesinde yer alan;
  - Sözleşmeden dönme
  - Satış bedelinden indirim isteme,
  - Ücretsiz onarılmasını isteme,
  - Satılanın ayıpsız bir misli ile değiştirilmesini isteme,
 haklarından birini kullanabilir.
- Tüketicinin bu haklarından ücretsiz onarım hakkını seçmesi durumunda satıcı; işçilik masrafı, değiştirilen parça bedeli ya da başka herhangi bir ad altında hiçbir ücret talep etmeksizin malın onarımını yapmak veya yaptırmakla yükümlüdür. Tüketici ücretsiz onarım hakkını üretici veya ithalatçıya karşı da kullanabilir. Satıcı, üretici ve ithalatçı tüketicinin bu hakkını kullanmasından müteselsilen sorumludur.
- Tüketicinin, ücretsiz onarım hakkını kullanması halinde malın;
  - Garanti süresi içinde tekrar arızalanması,
  - Tamiri için gereken azami sürenin aşılması,
  - Tamirinin mümkün olmadığının, yetkili servis istasyonu, satıcı, üretici veya ithalatçı tarafından bir raporla belirlenmesi durumlarında;
 tüketici malın bedel iadesini, ayıp oranında bedel indirimini veya imkan varsa malın ayıpsız misli ile değiştirilmesini satıcısından talep edilir. Satıcı, tüketicinin talebini reddedemez. Bu talebin yerine getirilmemesi durumunda satıcı, üretici ve ithalatçı müteselsilen sorumludur.
- Malın kullanım kılavuzunda yer alan hususlara aykırı kullanılmasından kaynaklanan arızalar garanti kapsamı dışındadır.
- Tüketici, garantiden doğan haklarının kullanılması ile ilgili olarak çıkabilecek uyuşmazlıklarda yerleşim yerinin bulunduğu veya tüketici işleminin yapıldığı yerdeki Tüketici Hakem Heyetine veya Tüketici Mahkemesine başvurabilir.

## Мазмұн

|                                                                              |           |
|------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Қауіпсіздік нұсқаулары</b>                                                | <b>21</b> |
| Осы нұсқаулық туралы                                                         | 21        |
| Жарылып кету қауіптілігі                                                     | 21        |
| Электр соққы қауібі                                                          | 21        |
| Жарақат алу қаупі                                                            | 21        |
| Өрт қауібі/хладагенттер арқылы қауіптер                                      | 21        |
| Балалар және қауіптерге ұшырағыш болатын адамдар үшін тәуекелдерді болдырмау | 22        |
| Материалдық зияндар                                                          | 22        |
| Салмағы                                                                      | 22        |
| <b>Керекті жағдайда пайдалану</b>                                            | <b>22</b> |
| <b>Қоршаған ортаны қорғау</b>                                                | <b>23</b> |
| Орама                                                                        | 23        |
| Ескірген құрылғылар                                                          | 23        |
| <b>Орнату және қосу</b>                                                      | <b>23</b> |
| Жеткізу жинағы                                                               | 23        |
| Техникалық деректер                                                          | 23        |
| Құрылғыны орнату                                                             | 23        |
| Қуыс өлшемдері                                                               | 24        |
| Электр қуатын үнемдеу                                                        | 24        |
| Бірінші пайдаланудан алдын                                                   | 25        |
| Электр желісіне қосу                                                         | 25        |
| <b>Құрылғымен танысу</b>                                                     | <b>26</b> |
| Электрбұйым                                                                  | 26        |
| Басқару элементтеріне                                                        | 27        |
| Жабдықтар                                                                    | 28        |
| <b>Құрылғыны істету</b>                                                      | <b>29</b> |
| Электрбұйымды қосу                                                           | 29        |
| Тоңазытқышты өшіру және істен шығару                                         | 29        |
| Температураны орнату                                                         | 30        |
| Жылдам суыту                                                                 | 30        |
| <b>Дабыл</b>                                                                 | <b>30</b> |
| Есіктің сақтандыру белгісі                                                   | 30        |

|                                                          |           |
|----------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Home Connect</b>                                      | <b>30</b> |
| Home Connect реттеу                                      | 30        |
| Home Connect бағдарламалық жасақтаманың жаңартуын орнату | 32        |
| Деректеді қорғау туралы нұсқау                           | 32        |
| Сәйкестік мағлұмдамасы                                   | 32        |
| <b>Суыту бөлімшесі</b>                                   | <b>32</b> |
| Салуда төмендегілерді ескеріңіз                          | 32        |
| Суыту бөлімшесіндегі суыту зоналарын ескеріңіз           | 33        |
| <b>Салқындатып суыту бөлімшесі</b>                       | <b>33</b> |
| Көкөніс сақтау үшін сауыт                                | 33        |
| Салқындатып суыту сауыты                                 | 34        |
| 0 °C температурасында сақтау уақыттары                   | 34        |
| <b>Еріту</b>                                             | <b>34</b> |
| Суыту бөлімшесі                                          | 34        |
| <b>Тазалау</b>                                           | <b>34</b> |
| Жабдықтарды тазалау                                      | 34        |
| <b>Иістер</b>                                            | <b>36</b> |
| <b>Жарық</b>                                             | <b>36</b> |
| <b>Шуылдар</b>                                           | <b>36</b> |
| Қалыпты шуылдар                                          | 36        |
| Шуылдарды болдырмау                                      | 36        |
| <b>Қателіктер, не істеу керек?</b>                       | <b>37</b> |
| <b>Сервистік қызмет көрсету</b>                          | <b>38</b> |
| Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру                           | 38        |
| Жөндеуге беру және ақау жағдайда кеңес алу               | 38        |
| Кепілдік                                                 | 38        |

## ⚠ Қауіпсіздік нұсқаулары

Осы құрылғы электр аспаптары қауіпсіздігі туралы ережеге сәйкес келеді және радиокедергілерден қорғалған.

Тоңазыту және мұздату жүйесінің саңлаусыздығы тексерілген.

Осы нұсқаулық туралы

- Пайдалану мен орнату нұсқаулығын оқып орындаңыз. Бұл мағлұматтарында құрылғыны орнату, қолдану және күту нұсқаулары көрсетілген.
- Егер Сіз осы пайдалану мен орнату нұсқауларын орындамасаңыз, өндіруші жауапкер болмайды.
- Барлық құжаттарды кейінгі пайдалану мен кейінгі иесі үшін сақтап қойыңыз.

Жарылып кету қауіптілігі

- Құрылғыны ішкі жағында электр бұйымдарды пайдалануға болмайды (мысалы қыздырғыш бұйымдарды немесе электр мұз дайындайтын аспаптарды).
- Құрылғының ішіне тұтану газдарды (мысалы аэрозольдық баллон) және жарылғыш заттектер қоюға болмайды.
- Арақ шарап ішімдіктерді жабық және тұрғызып сақтаңыз.
- Еруді жылдамдату үшін өндіруші деректерінен басқа ешқандай қосымша әрететтерді жасамаңыз.

Электр соққы қауібі

Дұрыс емес атқарылған орнату және жөндеу жұмыстары пайдаланушылар үшін өте қауіпті.

- Құрылғыны орнатуда желіге қосу сымы қысылмағанына немесе зақымдалмағанына тексеріңіз.
- Егер желіге қосу сымы зақымдалған болса: құрылғыны дереу желіден ажыратыңыз.
- Ешқандай көп айырлы розеткаларды, ұзартқыш кабельді немесе адаптерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны тек өндіруші, сервистік қызмет орталығы немесе ұқсас білікті адамға жөндетіңіз.
- Тек пайдаланушының түпнұсқалық бөлшектерін пайдаланыңыз. Бұл жағдайда ғана өндіруші қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Жарақат алу қаупі

Газданған ішімдіктер құйылған ыдыстар жарылуы мүмкін.



Өрт қауібі/хладагенттер арқылы қауіптер

Суыту жүйесінің құбырларында кем көлемде қоршаған ортаны сақтайтын, бірақ жанатын хладагент (R600a) ағады. Ол озон қабатына зиян келтірмей көшетхана әсерін күшейтпейді. Хладагент шыққанды көздерді жарақаттауы мүмкін немесе оталуы мүмкін.

- Құбырларды зақымдамаңыз.

Құбырлар зақымдалып қалған жағдайда:

- Құрылғыны ашық оттан және тұтану бұлақтардан аулақ ұстаңыз.
- Белмені желдету.
- Тоңазытқышты өшіріп ашаны розеткадан шығарыңыз.
- Қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Балалар және қауіптерге ұшырағыш болатын адамдар үшін тәуекелдерді болдырмау

Қауіп астында:

- балалар,
- денелік, психикалық немесе сезуінде шектелген адамдар,
- Құрылғыны, қауіпсіз пайдалану туралы білімі жетерлік болмаған адамдар.

Шаралар:

- Балалар және қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар мүмкін болатын қауіптерді түсініп алғанын тексеріп алыңыз.
- Қауіпсіздік үшін жауапты адам балалар немесе қауіптерге ұшырай алатын тұлғалар электрбұйыммен жұмыс істегендерінде оларды қадағалап және оларға нұсқау беріп отыруы керек.
- Жасы 8 толған балаларға ғана электрбұйымды қолдануға рұқсат етіледі.
- Электрбұйымды тазалау немесе күту жұмыстарын өткізгендерінде балаларды қадағалап отыру керек.
- Балаларды аспаппен ойнатуға болмайды.

Тұншығу қаупі

- Есік құлыпы бар құрылғыларда: кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Тұншығып қалу қауіптілігі бар.

Материалдық зияндар

Материалдық зияндардың алдын алу үшін:

- Тіректерге, сыуырмаларға немесе есіктерге баспаңыз немесе тіремеңіз.
- Пластмассалық бөлшектер мен есік тығыздауыштарды майсыз ұстаңыз.
- Сымды ұстамай ашаны розеткадан шығарыңыз.

Салмағы

Құрылғыны орнатуда және тасымалдауда ол тым ауыр болу мүмкіндігін ескеріңіз.

→ "Орнату жері" 23-бетіндегі

---

## Керекті жағдайда пайдалану

---

Осы құрылғыны пайдалану

- тек тағамдарды тоңазыту және мұздатуға.
- тек үйде немесе үй қоршауында.
- тек осы пайдалану нұсқаулығы бойынша.

Бұл құрылғы теңіз деңгейінен максималды 2000 метрге дейін болған биіктікте пайдалануға арналған.

## Қоршаған ортаны қорғау

### Орама

Барлық материалдар қоршаған ортаға зиян келдірмейді және кәдеге жаратылады:

- Орам материалдарын қоқысқа тастаудың экологиялық ережелерін сақтаңыз.
- Кәдеге жарату жолдары туралы мамандық сатушыдан немесе қоғамдық ұйымдан сұраңыз.

### Ескірген құрылғылар

Қоршаған ортаны қорғап тоңазытқыштар кәдеге жаратылғанда керекті материалдар пайда болады.

**⚠ Ескерту және ескертулер** – Балалар құрылғы ішінде өздерін құлыптап тұншығып өлуі мүмкін!

- Сөре және бөлім бөлшектерін құрылғыдан шығармаңыз. Сонда балалар тоңазытқыштың ішіне шыға алмайды.
- Балалар тозыған құрылғыға жақындаспасын.

### Сақтандыру және сақтандырулар!

Хладагент пен зиянды газдар шығуы мүмкін.

Хландагент жүйесінің құбырлары мен оқшаулағышын зақымдамаңыз.

- 1 Ашаны розеткадан шығарыңыз.
- 2 Еліге қосу сымын ажыратыңыз.
- 3 Құрылғы білікті ретте кәдеге жаратыңыз.



Бұл тоңазытқыш Электр және электроникалық құралдардың қалдықтарына (WEEE) қатысты 2012/19/EG (EO) Еуропа заңнамасына сәйкес келетін таңбасымен белгіленген.

Бұл заңнама Еуропада құралдардың қалдықтарын қайтып алуын және қоршаған ортаны қорғап кәдеге жаратуын реттейді.

## Орнату және қосу

### Жеткізу жинағы

Тоңазытқышты жеткізіп алған соң барлық бөлшектерді тексеріңіз.

Тасымалдау кезінде бөлшектерге зиян келтірілген жағдайда сатушыға немесе біздің сервистік қызмет көрсету орталығымызға хабарлаңыз.

→ "Сервистік қызмет көрсету" 38-бетіндегі

Құрылғы комплектісі:

- Кірістірілетін құрылғы
- Жабдықтар (түріне жараса)
- Монтаждау материалы
- Қолдану туралы нұсқаулық
- Орнату туралы нұсқаулар
- Сервистік қызмет көрсету дәптері
- Кепілдігі туралы құжат
- Электр қуатын пайдалану және дыбыстар жөнінде мәліметтер

### Техникалық деректер

Хладагент, пайдалы көлемі мен басқа техникалық деректер зауыттық тақтайшада табасыз.

→ "Құрылғымен танысу" 26-бетіндегі

### Құрылғыны орнату

Орнату жері

Суытқышта қанша хладагент көп болса құрылғы тұратын бөлме сонша үлкен болуы керек. Салқындатқыш жүйесі тесілсе кішкентай бөлмелерді тұтану газ және ауа қосындысы пайда болуы мүмкін.

Әрбір салқындатқыштың 8 граммына 1 текше метр бөлме керек. Сіздің құрылғыңыздың хладагенті көлемі ішкі жағындағы техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген.

→ "Құрылғымен танысу" 26-бетіндегі

Құрылғының салмағы үлгісіне байланысты 69 kg дейін болуы керек.

Ұйғарынды бөлме температурасы

Рұқсат етілген бөлме температурасы құрылғының климаттық сыныптамасына байланысты.

Климаттық сыныптама туралы деректерді зауыттық тақтайшада табасыз.

→ "Құрылғымен танысу" 26-бетіндегі

| Климаттық сыныптамасы | ұйғарынды бөлме температурасы |
|-----------------------|-------------------------------|
| SN                    | +10 °C ... 32 °C              |
| N                     | +16 °C ... 32 °C              |
| ST                    | +16 °C ... 38 °C              |
| T                     | +16 °C ... 43 °C              |

Құрылғы рұқсат етілген бөлме температурасында толық жұмыс істей алады.

SN климаттық сыныбына жататын құрылғы төменірек бөлме температураларында жұмыс істегенінде суытқыш +5 °C бөлме температурасына дейін бұзылмай жұмыс істейді.

## Қуыс өлшемдері

### Қуыс тереңдігі

Құрылғы үшін қуыс тереңдігі 56 см ұсынылады. Кішірек қуыс тереңдігінде - кемінде 55 см - энергияны тұтыну аз жоғарырақ болады.

### Қуыс ені

Құрылғы үшін жиһаз қуысының ішкі ені кемінде 56 см болуы керек. Ауытқу болса, құрылғы орнатуда ақаулықтар пайда болуы мүмкін.

## Электр қуатын үнемдеу

Егер төмендегі нұсқауларды орындасаңыз құрылғы кемірек тоқ тұтынады.

**Ескерту:** Жабдықтардың орналасуы энергияны тұтынуға әсер етпейді.

|                                                                                                    |                                                                                                                |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Құрылғыны орнату                                                                                   |                                                                                                                |
| Құрылғыны тікелей күн сәулелерінен қорғаңыз.                                                       | Құрылғы төмен қоршау температураларында кемірек суытып осылай кемірек тоқ тұтынады.                            |
| Құрылғыны мүмкіншілік бойынша радиатор, плита және жылыту көздерінен алыс орнатыңыз:               |                                                                                                                |
| Электр немесе газ плитадан 3 см                                                                    | Құрылғының арқасындағы ауа қатты жылымайды. Егер жылы ауаны желдету мүмкін болса құрылғы кемірек тоқ тұтынады. |
| Май немесе көмір плиталардан 30 см                                                                 |                                                                                                                |
| Орнату жайының бөлмелік температурасы шам. 20 °C болуы керек.                                      | Құрылғының арқасындағы ауа қатты жылымайды. Құрылғы кемірек суытып осылай кемірек тоқ тұтынады.                |
| Құыс тереңдігі 56 см болуы керек.                                                                  |                                                                                                                |
| <b>Сақтандыру және сақтандырулар!</b>                                                              |                                                                                                                |
| Күйіп қалу қаупі!                                                                                  |                                                                                                                |
| Құрылғының бөлек бөлшектері жұмыс істегенде қызып кетеді. Оларға тию күйіктерге алып келуі мүмкін. |                                                                                                                |
| Желдету тесіктерін жаппаңыз немесе бөгемеңіз.                                                      | Құрылғыдағы ауа қатты жылымайды. Құрылғы кемірек суытып осылай кемірек тоқ тұтынады.                           |
| Бөлмені әр күні желдетіңіз.                                                                        |                                                                                                                |
| Құрылғыны пайдалану                                                                                |                                                                                                                |
| Аспап есігін тек қысқа уақытқа ашыңыз.                                                             | Құрылғыдағы ауа қатты жылымайды. Құрылғы кемірек суытып осылай кемірек тоқ тұтынады.                           |
| Сатып алынған азық-түліктерді суыту қалтасында тасымалдап дереу құрылғы ішіне салыңыз.             |                                                                                                                |
| Жылы тағамдарды және сусындықтарды суытып тоңазытқышқа қойыңыз.                                    | Ауа айналып ауа ылғалдығы өзгермейді. Құрылғы кемірек суытып осылай кемірек тоқ тұтынады.                      |
| Мұдату өнімдерін еріту үшін суыту бөлімшесіне салып мұздатлатын өнімдің суығын пайдаланыңыз.       |                                                                                                                |
| Азық-түлік пен арқа қабырға арасында аз жай қалдырыңыз.                                            | Құрылғының арқасындағы ауа қатты жылымайды. Егер жылы ауаны желдету мүмкін болса құрылғы кемірек тоқ тұтынады. |
| Азық-түліктерді ішіне ауа кіре алмайтындай орамалаңыз.                                             |                                                                                                                |
| Желдету тесіктерін жаппаңыз немесе бөгемеңіз.                                                      |                                                                                                                |



## Бірінші пайдаланудан алдын

- 1 Ақпараттық материалды алып жабысқақ таспаны және қорғағыш пленканы алып тастаңыз.
- 2 Электрбұйымды тазалаңыз.  
→ "Тазалау" 34-бетіндегі

## Электр желісіне қосу

### Сақтандыру және сақтандырулар!

Құрылғыны электрондық энергияны үнемдейтін айырға қосыңыз.

**Ескерту:** Құрылғыны желілік мен синустік инвертор арқылы қосу мүмкін.

Желілік инверторлер фотогальваникалық жабдықтарда қоғамдық тоқ желісіне тікелей қосылып пайдаланады.

Аралдық шешімдерде синустік инверторлер пайдаланады. Аралдық шешімдерде, мысалы, кемелерде немесе таулық үйлерде, қоғамдық тоқ желілеріне тікелей қосылуы жоқ.

- 1 Құрылғыны орнатқаннан соң қосудан алдын кемінде 1 сағат күтіңі, осылай компрессор зақымдалуының алдын аласыз.
- 2 Құрылғыны тиісті ретте орнатылған розеткаға қосыңыз.  
Розетка төмендегі деректерге сай болуы керек:

|                 |                 |
|-----------------|-----------------|
| Розетка         | 220 В ... 240 В |
| Қорғағыш сымбен | 50 Гц           |
| Сақтандырғышпен | 10 А ... 16 А   |

Еуропадан тыс: құрылғының жазылған тоқ түрі тоқ желісінің мәндеріне сай болуын тексеріңіз. Құрылғы туралы деректер зауыттық тақтайшада жазылған.  
→ "Құрылғымен танысу" 26-бетіндегі

- 3 Құрылғыны оған жақын тұрған розеткаға қосыңыз.  
Розетка құрылғының орнатылғанынан кейін жеңіл түрде қолжетімді болып тұруы керек.


**⚠ Ескерту және ескертулер – Электр қуатына түсу қаупі!**

Егер егер желіге қосу сымының ұзындығы жетерлік болса, көп орындық розетканы немесе ұзарту кабелін пайдаланбаңыз. Оның орнына техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласып жолын сұраңыз.

## Құрылғымен танысу

Бұл қолдану туралы нұсқаулар бірнеше түрлеріне сәйкес келеді. Суреттерде айырмашылықтар болуы мүмкін.


### Электрбұйым



\* Барлық модельдерде бар бола бермейді.

|     |                                      |    |                       |
|-----|--------------------------------------|----|-----------------------|
| A   | Суыту бөлімшесі                      | 12 | Зауыттық тақтайша     |
| B   | Салқындатып суыту бөлімшесі          | 13 | Ірі шишалар үшін сөре |
| 1-6 | Басқару элементтеріне                |    |                       |
| 7   | Жарық                                |    |                       |
| 8*  | Шешілетін сөре                       |    |                       |
| 9   | Ылғалдылық реттеуші бар бөлу тақтасы |    |                       |
| 10  | Көкөніс сақтау үшін сауыт            |    |                       |
| 11  | Салқындатып суыту сауыты             |    |                       |

## Басқару элементтеріне



- 1      ① пернесін  
Құрылғыны қосады немесе өшіреді.
- 2      ② пернесін  
Home Connect қосады немесе өшіреді.
- 3      Суыту бөлімшесі \* пернесі  
Жылдам суытуды қосады немесе өшіреді.
- 4      -/+ пернесін  
Температураны реттейді.
- 5      Суыту бөлімшесінің температурасы  
көрсеткіші  
Реттелген температурасын °C көрсетеді.
- 6      ⑥ пернесін  
Ескерту дабылы өшіріледі.


## Жабдықтар

(барлық модельдерде бар бола бермейді)

### Сөре

Сөрені өзгерту мүмкін:

- Сөрені тартып шығарыңыз.




### Шешілетін сөре

Жақсырақ көріністі жасау мүмкін:

- Сөрені тартып шығару.

Сөрені толық шешу мүмкін:


- 1 Сөренің астында екі түймешесін басып ұстаңыз.
- 2 Сөрені шығарыңыз, түсіріп қайырыңыз.



### Арақ-шарап бөлімі

Шишаларды қауіпсіз түрде қоя аласыз:

- Метал ілмегін төменге жабыңыз.




### Көкөніс сақтау үшін сауыт

Сауыттарды шығарып алу мүмкін:

- Сауытты артынан жоғарыға қарай тарта отырып шығарып алыңыз.

Сауыттарды орнату мүмкін:


- Сауыттар мен шығару планкаларын орнатып құрылғыға жылжытыңыз.



## Контейнер

Контейнерді алып қою мүмкін:


- Контейнерді жоғарыға көтеріп шығарыңыз.



## Бөтелке тұтқыш

Есікті ашқан немесе жапқан кезде:

- Бөтелке ұстағышы бөтелкелер аударылуын болдырмайды.



## Құрылғыны істету

### Электрбұйымды қосу

- 1 ① пернесін басыңыз.  
Электрбұйым суыта бастайды.
- 2 Қалаған температураны орнатыңыз.  
→ "Температураны орнату" 30-бетіндегі

Құрылғының жұмысына қатысты нұсқаулар

- Енгізілген температура деңгейі орнатылғанша дейін электрбұйымды қосқаннан кейін бірнеше сағат керек болуы мүмкін. Таңдалған температураға жетіден алдын азық-түліктерді салмаңыз.
- Қорпуыстың алғы жағы жартылай ысиды. Бұл есік тығыздауышында конденсат жасалуына жол бермейді.

### Тоңазытқышты өшіру және істен шығару

Электрбұйымды өшіріңіз

- ① пернесін басыңыз.  
Құрылғы суытпай жатыр.

Электрбұйымды істен шығару

Тоңазытқыш ұзақ мерзімде пайдаланбаса:

- 1 ① пернесін басыңыз.  
Құрылғы суытпай жатыр.
- 2 Айырын розеткадан шығарыңыз немесе тежегішті өшіріңіз.
- 3 Электрбұйымды тазалаңыз.
- 4 Құрылғыны ашық қалдырыңыз.

## Температураны орнату

Ұсынылған температура

Суыту бөлімшесі: +4 °C

Суыту бөлімшесі

- -/+ пернесін көрсеткіште керекті температура көрсетілгенше баса беріңіз.

Салқындатып суыту бөлімшесі

Салқындатып суыту бөлімшесіндегі температура 0 °C жақын сақталады.

**Ескерту:** Салқындатып суыту бөлімшесінде суытылатын өнім үстінен аяз пайда болса: температураны жылырақ деңгейге қойыңыз. → "Қателіктер, не істеу керек?" 37-бетіндегі

## Жылдам суыту

Жылдам суытуда суыту бөлімшесі ең суық ретте суытады.

Тез арада тоңазытуды қосу, мысалы:

- тағамдар үлкен өлшемде салынса
- сусындарды тез суыту үшін

**Ескерту:** Егер жылдам суыту функциясы қосылып тұрса, көп шуылдар пайда болуы мүмкін.

15 сағаттан соң құрылғы қалыпты жұмысына өтеді.

Тез арада тоңазытуды қосу/өшіру:

- \* пернесін басыңыз.

Жылдам суыту функциясы қосылып тұрғанда перне жанып тұрады.

## Дабыл

### Есіктің сақтандыру белгісі

Егер құрылғы есігі ұзақ уақыт ашық тұрса, есік дабылы қосылады.

- Есігін жабыңыз немесе  пернесін басыңыз. Ескерту дабылы өшеді.

## Home Connect

Бұл құрылғы WiFi-мен жұмыс істей алады және мобильді терминал арқылы оны басқару мүмкін.

**Ескерту:** Wi-Fi бұл Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Құрылғы құрылғы желіге қосылмайтын суытқыш ретінде төмендегі жағдайларда жұмыс істеп оны басқару элементтері арқылы қолмен басқару мүмкін:

- Құрылғы үй желісіне қосылмаған.
- Құрылғы орнатылатын елде Home Connect қызметі ұсынылмайды. Home Connect қызметі ұсынылатын елдер тізімін [www.home-connect.com](http://www.home-connect.com) мекенжайында табасыз.

**Ескерту:** Осы пайдалану нұсқаулығындағы қауіпсіздік нұсқауларын ескеріңіз. Құрылғыны үйде болмай Home Connect бағдарламасы арқылы басқаруда олардың орындалуын қамтамасыз етіңіз.

→ "Қауіпсіздік нұсқаулары" 21-бетіндегі

Home Connect бағдарламасындағы нұсқауларды ескеріңіз.

## Home Connect реттеу

### Нұсқаулар

- Нұсқаулармен бірге жүктеу үшін дайын, [www.gaggenau.com](http://www.gaggenau.com) Home Connect парағын ескеріңіз. Ол үшін іздеу өрісіне құрылғыңыздың E нөмірін енгізіңіз.
- Құрылғыны қосқаннан соң кемінде екі минут ішкі құрылғы инициализациясы аяқталғанша күтіңіз. Сосын Home Connect реттеңіз.
- Параметрлерді Home Connect менен реттеу үшін Home Connect бағдарламасын мобильды терминалда орнатылуы керек. Ол үшін жинақтағы Home Connect құжаттарын ескеріңіз. Бағдарлама арқылы берілген қадамдарды орындап параметрлерді реттеңіз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланбайтын болса, Home Connect мәзірі автоматты жабылады. Home Connect мәзірін ашу нұсқауларын тиісті тарау басында табасыз.

### Үй желісіне автоматты қосылым (WLAN)

Егер WLAN рутер WPS функциясымен қолжетімді болса, суытқыш құрылғы автоматты үй желісіне қосылуы мүмкін.

- 1  пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші Sp көрсетеді.
- 2 \* пернесін суыту бөлімшесінің AC температура көрсеткіші көрсеткенше баса беріңіз.
- 3 + пернесін басыңыз.  
Құрылғы автоматты байланыс үшін дайын.  
Температура көрсеткіші 2 минут анимацияны көрсетеді.  
Анимация көрсетіліп тұрғанда құрылғы автоматты байланыс үшін дайын болады.
- 4 2 минут ішінде WPS функциясы үй желісінің рутерін белсендіріңіз (мысалы, WPS/WLAN пернесі арқылы, ол туралы мәліметті рутердің құжаттарында ескеріңіз).  
Сәтті байланыс болғанда Op температура көрсеткішінде жыпылықтайды.  
Суыту құрылғысы бағдарламамен байланысқа дайын.

**Ескерту:** Егер температура көрсеткішінде OF көрсетілсе, байланысты жасап болмайды.

- 1 Суытқыш құрылғы үй желісінің аумағында болын тексеріңіз (WLAN).
- 2 Әдісті қайталау немесе қолмен байланысты орындау.

### Үй желісіне қолмен қосылым (WLAN)

Егер қолжетімді WLAN рутерінде WPS функциясы болмаса немесе бұл білгісіз болса, онда суытқыш құрылғыны қолмен үй желісіне байланыстыру мүмкін.

- 1  пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші Sp көрсетеді.
- 2 \* пернесін суыту бөлімшесінің SA температура көрсеткіші көрсеткенше баса беріңіз.
- 3 + пернесін басыңыз.  
Құрылғы автоматты қолдық байланыс үшін дайын.  
Температура көрсеткіші анимацияны көрсетеді.  
Анимация көрсетіліп тұрғанда құрылғы автоматты қолмен байланыс үшін дайын болады.
- 4 Суытқыш құрылғыда тек өз WLAN желісі "HomeConnect" атауымен жасалған.  
Осы желіге мобильді құрылғымен кіру мүмкін.
- 5 Мобильді құрылғының реттеу мәзірінде WLAN параметрлерін шақырыңыз.
- 6 Мобильді құрылғыны WLAN желісімен "HomeConnect" байланыстырыңыз.  
Кілтсөз: HomeConnect  
Байланыс құрылымы 60 секундке дейін болуы мүмкін.
- 7 Сәтті байланыстан соң Home Connect бағдарламасын мобильді құрылғымен ашыңыз.  
Бағдарлама суытқыш бөлімшесінде іздейді.

- 8 Суытқыш құрылғы табылғанда, өз (WLAN) үй желіңіздің (SSID) желі атауы мен (Key) кілтсөзін тиісті өрістерге енгізіңіз.
- 9 Үй құрылғыларына тасымалдау түймесімен растаңыз.
  - Сәтті байланыс болғанда Op температура көрсеткішінде жыпылықтайды.  
Суытқыш құрылғыны бағдарламамен байланыстырыңыз.
  - Егер температура көрсеткішінде OF көрсетілсе, байланысты жасап болмайды.  
Суытқыш құрылғы үй желісінің аумағында болын тексеріңіз (WLAN).  
Әдісті қайталаңыз.

Суытқыш құрылғыны Home Connect бағдарламасымен байланыстыру

- 1  пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші Sp көрсетеді.
  - 2 \* пернесін PA температура көрсеткіші көрсеткенше баса беріңіз.
  - 3 + пернесін құрылғыны бағдарламамен байланыстыру үшін басыңыз.  
Температура көрсеткіші анимацияны көрсетеді.  
Суытқыш құрылғы бағдарламамен байланысқанда, температура көрсеткіші Op көрсетеді.
  - 4 Бағдарламаны ашып суытқыш құрылғысы көрсетілгенше күтіңіз.  
Қосу пернесімен бағдарлама мен суытқыш арасындағы байланысты растаңыз.  
Егер суытқыш автоматты көрсетілмесе бағдарламада Құрылғыны қосу нұқып нұсқауларды орындаңыз. Суытқыш көрсетілгенде оны + менен енгізіңіз.
  - 5 Бағдарлама нұсқауларын әдіс аяқталғанша орындаңыз.  
Температура көрсеткіші PA көрсетеді.  
Суытқыш құрылғы бағдарламамен қосылды.  
Егер байланыс сәтсіз болса, мобильді құрылғы үй желісімен (WLAN) байланысқанын тексеріңіз.  
Сосын байланысты жасауды қайталаңыз.  
Егер температура көрсеткішінде Eg пайда болса, Home Connect параметрлерін қалпына келтіріңіз.
- Ескерту:** Қалпына келтіруде барлық Home Connect параметрлері қалпына келтіріледі.

Home Connect Параметрлер қалпына келтіріледі

Егер байланысты жасауға талпыныста проблема пайда болса немесе құрылғы басқа үй желісінде (WLAN) тіркемекші болсаңыз, Home Connect параметрлерін қалпына келтіру мүмкін:

- 1  пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші Sp көрсетеді.
- 2 \* пернесін суыту бөлімшесінің gE температура көрсеткіші көрсеткенше баса беріңіз.
- 3 + пернесін басыңыз.  
Мұздату көрсеткіші 15 секунд анимацияны көрсетеді.  
Сосын температурасы көрсеткісі Op көрсетеді.  
Home Connect параметрлері қалпына келтірілді.

## Home Connect бағдарламалық жасақтаманың жаңартуын орнату

Суыту құрылғысы жүйелік аралықтарда Home Connect бағдарламалық жасақтамасының жаңартулары қолжетімді болуын тексереді.

Егер жаңарту қолжетімді болса, температура көрсеткіші UP көрсетеді.

Кез келген пернеге басып көрсеткіш реттелген температураға оралады.

Жаңартуды орнату:

- 1  пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші Sp көрсетеді.
- 2 \* пернесін суыту бөлімшесінің UP температура көрсеткіші көрсеткенше баса беріңіз.
- 3 + пернесін басыңыз.  
Температура көрсеткіші анимацияны көрсетеді.  
Жаңарту орнатылып жатыр.  
Орнату кезінде барлық пернелер бұғатталған.
  - Егер орнату сәтті аяқталған болса температураның көрсеткіші On көрсетеді.
  - Егер орнату сәтті аяқталған болса температураның көрсеткіші Eg көрсетеді.
 Жаңартуды кешірек уақытта қайта бастаңыз.  
Егер орнатуды бірнеше рет әрекет жасағаннан соң аяқталмаған болса қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Деректеді қорғау туралы нұсқау

Home Connect құрылғыңыз интернетте негізделген WLAN желісіне алғашқы рет қосылғанда, құрылғыңыз деректердің төмендегі санаттарын Home Connect серверіне өткізеді (алғашқы тіркелу):

- Бір мәнді құрылғыны тану (құрылғы кілттері мен құрылған Wi-Fi коммуникациялық модульдің MAC мекенжайын қамтитын).
- Wi-Fi комуникациялық модульдің қауіпсіздік сертификаты (байланысты ақпараттармен қолдау үшін).
- Үй құрылғыңыздың бағдарламалық пен аспаптық версиясы.
- Мүмкін зауыттық параметрлерге оралудың күйі.

Осы алғашқы тіркелу Home Connect функцияларының пайдалануын дайындап Home Connect функцияларын алғашқы рет пайдалануды қалағаныңызда керек болады.

**Ескерту:** Home Connect функциялары тек Home Connect бағдарламасымен байланыста пайдал болуын ескеріңіз. Деректерді қорғау туралы ақпаратты Home Connect бағдарламасында шақыру мүмкін.

## Сәйкестік мағлұмдамасы

Осымен Gaggenau Hausgeräte GmbH осы құрылғы, Home Connect функцияларымен 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті қағидаларына сай болуын білдіреді.

Толық RED сәйкестік мағлұмдамасын интернетте [www.gaggenau.com](http://www.gaggenau.com) мекенжайында құрылғыңыздың өнім жағында қосымша құжаттарда табасыз.



2,4 ГГц диапазон: 100 мВт макс.

5 ГГц диапазон: 100 мВт макс.



|    |    |    |    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|----|----|----|
| BE | BG | CZ | DK | DE | EE | IE | EL |
| ES | FR | HR | IT | CY | LV | LT | LU |
| HU | MT | NL | AT | PL | PT | RO | SI |
| SK | FI | SE | UK | NO | CH | TR |    |

5 ГГц WLAN: тек ішкі аймақтарда пайдалануға арналған

## Суыту бөлімшесі

Суыту бөлімшесі сүт өнімдерін, жұмыртқаларды, дайын тағамдарды, нан-тоқаш өнімдерін ашық консервілерді және қатты ірімшікті сақтауға арналған.

Температураны +3 °C ... +8 °C аралығында реттеу мүмкін.

Суық сақтау арқылы жылдам бұзылатын азық-түліктерді да қысқа және орташа уақыт сақтау мүмкін. Таңдалған температура неғұрлым төмен болса, соғұрлым энзимдік, химиялы және бұзылу процесстері микроағзалар арқылы жай орындалады. +4 °C немесе одан төмен температура салынған азық-түліктердің оптималды балғын болып сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

## Салуда төмендегілерді ескеріңіз

- Балғын, зақымдалмаған азық-түліктерді салыңыз.  
Осылай балғындығы мен сапасы ұзақ уақыт сақталады.
- Дайын өнімдер мен салындысы бар өнімдерде өндіруші берген минималдық сақтау немесе пайдалану мерзімін асырмаңыз.
- Иісін, түсін және балғындығын сақтау үшін, азық-түлікті жақсы орап және қаптап салыңыз.  
Осылай пластмассалық бөлшектердің иісі өтуі мен түсі өшуін болдырмайсыз.
- Жылы тағамдарды және сусындарды суытыпалып суытқышқа қойыңыз.



## Суыту бөлімшесіндегі суыту зоналарын ескеріңіз

Суыту бөлімшесіндегі ауа айыналымы арқылы түрлі суықтық деңгейлі аумақтар пайда болады.

Ең суық зона

Ең суық аумақ бөлгіш тақтасы мен ірі шишалар үшін сөресінің арасында орналасқан.

Ең жылы зона

Ең жылы аумағы - есіктегі ең жоғары аумағы.

Нұсқаулар

- Ең жылы аумағында мысалы ірімшік пен майды сақтаңыз. Осы жерде сақтау арқылы ірімшік өз дәмі мен жұпарын сақтап, ал май нанға жағу үшін қатпай, жұмсақ қалыпта сақталады.
- Салқындатып суыту бөлімшесінде тез бұзылатын азық-түліктерді сақтаңыз, мысалы балық, шұжық және ет. → "Салқындатып суыту бөлімшесі" 33-бетіндегі

## Салқындатып суыту бөлімшесі

Салқындатып суыту бөлімшесіндегі температура 0 °C жақын сақталады.

Төмен деңгейдегі температура мен лайықты ауа ылғалдылығы арқылы жаңа салынған азық-түліктер өнімдерін сақтау үшін мінсіз жағдай қамтамасыз етіліп тұрады.

Салқындатып суыту арқылы балғын азық-түліктерді суыту бөлімшесінен үш есе ұзақ сақтауға болады - ұзағырақ балғындық, нәрлі заттарының ұзағырақ және дәмінің жақсырақ сақталуы үшін.

## Көкөніс сақтау үшін сауыт


Көкөніс сауыты балғын жеміс пен көкөністерді сақтау үшін мінсіз жер. Бөлгіш тақтаның ылғалдық реттегіші арқылы және арнайы тығыздағыш арқылы көкөніс сауытындағы ауа ылғалдығын реттеуге болады.

Көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын сақталатын өнімдердің түрі мен көлеміне қарай реттеп орнатуыңызға болады:

- көбінесе жеміс салынғанда және көп көлемде толтыруда – ауа ылғалдығының төмен реттеңіз
- көбінесе көкөністер, аралас өнімдер салынғанда немесе салынған бұйымдардың көлемі төмен болғанда – ауа ылғалдығының жоғары деңгейін реттеңіз

Нұсқаулар

- Суыққа сезімтал жеміс (мысалы ананас, банан, папайя және цитрус тұқымды жеміс) пен көкөністерді (мысалы баялды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өздерінің сапасы мен жұпарларын сақтау үшін құрылғыға салмай, температурасы +8 °C ... +12 °C аралығында сақтау лазым.
- Көкөніс сауытында сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты - конденсациялық ылғал суының пайда болуы мүмкін. Конденсациялық суды құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс сауытындағы ауа ылғалдылығын ылғалдық реттегіш арқылы лайықтаңыз.



## Салқындатып суыту сауыты

Салқындатып суыту сауытындағы сақтау температурасы балық, ет және шұжық сақтау үшін мінсіз жағдайларын ұсынып отырады.

## 0 °C температурасында сақтау уақыттары

Сақтау уақыттары бастапқы сапаға байланысты.

|                                                      |                |
|------------------------------------------------------|----------------|
| Балғын ет, теңіз өнімдері:                           | 3 күнге дейін  |
| Құс еті, ет (қайнатылған/қуырылған):                 | 5 күнге дейін  |
| Сиыр, шошқа, қозы, шұжық (кесілген):                 | 7 күнге дейін  |
| Ысталған балық, брокколи:                            | 14 күнге дейін |
| Салат, фенхель, өрік, қараөрік:                      | 21 күнге дейін |
| Жұмсақ ірімшік, йогурт, қатық, іркіт, түсті капуста: | 30 күнге дейін |

## Еріту

### Суыту бөлімшесі

Еріту автоматты түрде өткізіледі.

## Тазалау

### Сақтандыру және сақтандырулар!

Құрылғы мен жабдықтардың зақымдануына жол бермеңіз.

- Құм, хлор немесе құрамында бар тазалау бұйымдарды және еріткіштерді пайдалануға болмайды.
- Тырнайтын немесе қырнайтын ысқыштарды пайдалануға болмайды. Темір үсті тоттанып кетуі мүмкін.
- Сөрелерді және сауыттарды ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға болмайды. Бөлшектердің формалары өзгеріп кетуі мүмкін.

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

- 1 Электрбұйымды өшіріңіз.
- 2 Айырын розеткадан шығарыңыз немесе тежегішті өшіріңіз.
- 3 Ішіндегі азық-түліктерді шығарып алып, салқын жерге қойыңыз.  
Егер бар болса: Суыту аккумуляторын азық-түліктің үстіне жатқызып салыңыз.
- 4 Бар болса: қарау қабаты ерігенше күте түріңіз.
- 5 Құрылғыны жұмсақ шуберекпен, жылы сумен және PH-бейтарап жуғыш затпен тазалаңыз.  
**Сақтандыру және сақтандырулар!**  
Жуынды судың шам жүйесіне немесе суды ағызып шығаратын саңылауы арқылы булау жерлеріне түспеуі тиіс.
- 6 Есіктің тығыздауыштарын таза сумен сүртіп жақсылап кептіріңіз.
- 7 Құрылғыны қайта жалғаңыз, қосыңыз ды азық-түлікті салыңыз.

## Жабдықтарды тазалау


Тазалау үшін ауысатын бөлшектерді құрылғыдан шығарыңыз.

→ "Жабдықтар" 28-бетіндегі

Бөлгіш тақта мен көкөніс сауытының қақпақшасы

Бөлу тақтасын шығарып алу

- Шыны тақтаны алыңыз, төменгі жағындағы тұтқыштарын екі жағынан басыңыз, бөлгіш тақтасын алға қарай тартып, біраз жоғарыға қарай көтеріп, бүйірінен қайыра отырып шығарыңыз.




Көкөніс сауытының қақпақшасын шығару

- Қақпақшасын біраз жоғарыға көтере отырып, алға қарай тартыңыз да, бүйірінен қайыра отырып шығарыңыз.

Көкөніс сауытының қақпақшасы мен бөлгіш тақтасын енгізіп қондыру

- 1 Көкөніс сауытының қақпақшасын енгізіп қондыру.
- 2 Бөлгіш тақтасын енгізіп қондыру.
- 3 Шыны тақтаны салу.





### Шығару бағыттауыштары

Шығарыла алынатын таңғыштарын бөлшектеу

- 1 Шығарыла алынатын таңғыштарын шығарып алыңыз.
- 2 Ысырманы бағыттама бағытында жылжытыңыз.
- 3 Шығарыла алынатын таңғыштарын артқы бұрандасы жағынан босатыңыз.
- 4 Шығарыла алынатын таңғыштарын бірге итере отырып, артқы бұрандасының жоғарыдан артқа қарай итеріп толығымен босатыңыз.

Шығару бағыттауыштарын орнату

- 1 Шығару бағыттауыштарын шығарылған күйде алғы бұрандарға салыңыз.
- 2 Шығару бағыттауыштарын тірелгенше аз алға тартыңыз.
- 3 Шығару бағыттауыштарын артқы бұрандарға орнатыңыз.
- 4 Ысырманы арқа қарай жылжытыңыз.



## Иістер

Егер жағымсыз иістер пайда болса:

- 1 Электрбұйымды ① Қосу/Өшіру түймешігін басу арқылы өшіріңіз.
- 2 Электрбұйымнан барлық азық-түлік өнімдерін шығарыңыз.
- 3 Ішкі бөлімшесін тазалаңыз. → "Тазалау" 34-бетіндегі
- 4 Орамалар мен қораптардың бәрін тазалаңыз.
- 5 Жағымсыз иістердің пайда болуын болдырмау үшін иістері аса қатты шығып тұрған өнімдерді ішіне ауа кіре алмайтындай орамалаңыз.
- 6 Электрбұйымды қайта қосыңыз.
- 7 Өнімдерді реттеп бұйым ішіне салыңыз.
- 8 24 сағаттан кейін иістердің жаңадан шыққан шықпағанын тексеріңіз.

## Жарық

Тоңазытқыш күтілмейтін светодиод жарығымен жабдықталынған.

Шамдарды тек клиенттерге қызмет көрсету орталығының немесе өкілетті мамандар жөндеуі мүмкін.

## Шуылдар

### Қалыпты шуылдар

Гүріл: қозғалтқыш істеп жатыр, мысалы, суыту агрегаты, желдеткіш.

Гүрілдеу, гүлеу немесе бұрқылдау: хладагент құбырларла ағады.

Шерту: Қозғалтқыш, сөндіргіш немесе магнит қақпақша іске қосылып немесе өшіріліп жатыр.

Сытыр: Автоматты еріту орындалып жатыр.

### Шуылдарды болдырмау

Құрылғы тегіс емес: Құрылғыны уровень көмегімен теңестіріңіз. Керек болса бірдеңені астына қойыңыз.

Ыдыстар, сөрелер немесе контейнерлер қимылдайды немесе қысылған: шешілетін жабдықтарды тексеріп қайта орнатыңыз.

Бөтелкелер немесе ыдыстар бір біріне тиіп тұр: Бөтелкелер немесе ыдыстарды бір бірінен ажыратыңыз.

## Қателіктер, не істеу керек?

Сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласудан алдын осы кесте негізінде ақаулықты өзіңіз жоя алатыңызды тексеріңіз.

Температура таңдалған температурадан ерекшеленеді.

Құрылғыны өшіріп, 5 минут күтіңіз.

→ "Тоңазытқышты өшіру және істен шығару" 29-бетіндегі

Егер температура тым жылы болса, температураны бір-екі сағаттан соң қайта тексеріңіз.

Егер температура тым суық болса, температураны кейінгі күнде қайта тексеріңіз.

Мәлімет көрсетілмей тұр.

Желі айыры берік тұрмаған.

Ашаны қосыңыз.

Сақтандырғыш шешілді.

Сақтандырғыштарды тексеріңіз.

Тоқ өшкен.

Электр қуатын тексеріңіз.

Көрсеткіш E... көрсетіп жатыр.

Электроника ақауды тақтады.

Қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

→ "Сервистік қызмет көрсету" 38-бетіндегі

Құрылғы суытпай тұр, көрсеткіш пен шам беру жүйесі жанып тұр.

Презентация режимі қосылды.

Құрылғының өзін-өзі тексеруін бастау.

→ "Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру" 38-бетіндегі

Бағдарламаның аяқталғанынан соң құрылғы қалыпты жұмысқа өтеді.

Салқындатып суыту бөлімшесінде тым жылы немесе тым салқын.

Стандартты параметр тым жоғары немесе тым төмен қылып орнатылған (мысалы, салқындатып суыту бөлімшесіндегі аяз арқылы).

Температураны салқындатып суыту бөлімшесінде 3 басқыш жылырақ немесе салқынырақ деңгейге қойыңыз. Егер суыту бөлімшесіндегі температура "0" деңгейге қойылса, балғын ұстау бөлімшесіндегі температура 0 °C жақын болады.

- 1 Суытқыш бөлімнің \* түймешігіне басып суыт бөлімшесінің температура көрсеткіші жыпылықтағанша ұстаңыз.
- 2 -/+ түймешігіне басып параметрді өзгертіңіз.  
-3 деңгейі ең суық параметріне сай келеді.  
+3 деңгейі ең жылы параметріне сай келеді.  
Орнатылған деңгей бір минуттан кейін жадта сақталады.

## Сервистік қызмет көрсету

Ақауды өзіңіз шеше алмасаңыз, біздің сервис қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біз әр дайым мамандарды шақыртпай керекті шешім табуға тырысамыз.

Сервис қызмет көрсету орталықтардың деректері осы жерде немесе тіркелген сервис көрсету тізімінде көрсетілген.

Қоңырау шалған кезде өнім нөмірі (E-Nr.) мен зауттық нөмірін (FD) зауыттық тақтайшадан оқып айтыңыз.  
→ "Құрылғымен танысу" 26-бетіндегі

Бұйымды өндірушіге сеніп сервис қызмет көрсету орталығына қайрылыңыз. Сервис қызмет көрсету орталығы ғана құралыңыз үшін керекті мамандарды және түпнұсқаулық бөлшіктерді таба алады.

## Тоңазытқыштың өзін-өзі тексеру

Құрылғыңызда өзін тексеру бағдарламасы бар, ол сервис қызмет көрсету орталығы жоя алатын ақауларды көрсетеді.

- 1 Электрбұйымды өшіріп, 5 минут күтіңіз.
  - 2 Электрбұйымды қосыңыз.
  - 3 Алғашқы 10 секунд ішінде \* пернесін басқаннан соң мұздату бөлімшесін 3 ... 5 секунд бойы басып тұра беріңіз, акустикалық сигнал шалғанша. Өзін-өзі тексеру бағдарламасы басталады. Өзін-өзі тексеру тест барысында кейде ұзақ дыбысты белгі естілетін болады.
- Егер өзін өзі тексеру соңында 2 акустикалық дыбыс шалып реттелген температура көрсетілсе, құрылғыңыз қалпында тұр.
  - Егер өзін өзі тексеруден соң суыту бөлімшесінің \* пернесі 10 секунд жыпылықтап 5 сигнал шалса: сервистік қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бағдарламаның аяқталғанынан соң құрылғы қалыпты жұмысқа өтеді.

## Жөндеуге беру және ақау жағдайда кеңес алу

Жергілікті сервис қызмет көрсету орталықтардың деректері сервис көрсету тізімінде көрсетілген.

KZ 8 800 800 801

## Кепілдік

Елөңіздегі кепілдік уақыты мен кепілдік шарттары туралы толық ақпаратты сервистік қызмет көрсету орталығыңыздан, маманданған дүкенден немесе біздің интернет-торабымыздан табасыз.

**Gaggenau Hausgeräte GmbH**  
Carl-Wery-Straße 34  
D-81739 München  
[www.gaggenau.com](http://www.gaggenau.com)

8001129669 (9810)  
tr, kk



**GAGGENAU**